

5 АООУ
4К

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК
РӘМІЗДЕРІ

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ
СИМВОЛЫ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН



ББК 67.400+85.9
Қ 97

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша шығарылды

Қ 97 Плакат. Алматы: "Өнер" баспасы, 2006.

ISBN 9965-768-65-X

Екі тілде әзірленген мемлекеттік рәміздер: Ту, Елтаңба және Әнұранның мәтіні, нотасы және сипаттамалары қоса беріліп отыр. Бұл плакат студенттерге, ұстаздар мен мектеп оқушыларына, тарихшылар мен мәдениеттанушыларға, тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа тарихын білгісі келген қалың көпшілікке арналады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

Баспаның бас директоры	<i>Ә.Көпіш</i>
Өндіріс бастығы	<i>Қ.Оспанова</i>
Арнайы редакторы	<i>Е.Ералы</i>
Бас суретшісі	<i>Б.Оспан</i>
Суретшісі	<i>А.Сейдалиев</i>
Компьютерде беттеген	<i>Р.Жарипова</i>
Техникалық редакторы	<i>Д.Омарғалиева</i>

Басуға 07.12.06 қол қойылды. Қалыбы 35 x 45. Борлы қағаз.
Шартты баспа табағы 18,7. Есептік баспа табағы 25,0. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс 3871.

Қ 1203020100
00(05)-06

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Атамұра корпорациясы» ЖШС-ның Полиграфкомбинатында басылды,
050002, Алматы қ., М. Мақатаев к., 41.

ББК 67.400+85.9

ISBN 9965-768-65-X

© "ӨНЕР" баспасы, 2006

ISBN 9965-768-65-X



9 789965 768651

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

Сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов,
Нұрсұлтан Назарбаев
Музыкасын жазған: Шәмші Қалдаяқов

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің — Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің — Қазақстаным!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ

Сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов,
Нұрсұлтан Назарбаев
Музыкасын жазған: Шәмші Қалдаяқов

Maestoso

Ал - тын күн ас - па - ны, Ал - тын
// кең жеріміз, Кең бай -

да - ны, Ер - лік - тің да - ны, Е - лі - ме қа - ра - шы!
тақ жо - рым бар. Бір - лі - гі жа - ра - қын, Тоу - сіз е - лім бар.

Е - жел - ден ер - де - ген, Даң - қы - мыз шық - ты ғой. На - мы -
Қарсы ал - ған уа - қыт - ты, Моң - гі - лік до - сын - дай. Біз - дің

ме - нің е - лім, Гү - лің бо - лып е - гі - ле - мім.

Жы - рың бо - лып то - ті - ле - мің, е - лім! Ту - ған же - рым ме - нің

1. Қа - жақ (ы) - ста - ным! 2. Кең бай - тақ // Қа - жақ (ы) - ста - ным!

ПОДСТРОЧНЫЙ ПЕРЕВОД ТЕКСТА ГИМНА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Авторы текста: Жүмекен Нәжімеденов,
Нұрсұлтан Назарбаев
Автор музыки: Шәмші Қалдаяқов

В небе золотое солнце,
В степи золотое зерно.
Сказание о мужестве — моя страна.
В седой древности
Родилась наша слава,
Горд и силен мой казахский народ.

Припев:

О мой народ! О моя страна!
Я твой цветок, возвращенный тобой.
Я песня, звенящая на твоих устах.
Родина моя — мой Казахстан.

У меня простор неоглядный
И дорога, открытая в будущее.
У меня независимый,
Сплоченный, единый народ.
Как извечного друга
Встречает новое время
Наша счастливая страна, наш народ.

Припев:

О мой народ! О моя страна!
Я твой цветок, возвращенный тобой.
Я песня, звенящая на твоих устах.
Родина моя — мой Казахстан.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ


Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны — Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздерінің бірі. Жаңа Әнұранның мәтіні мен әуені 2006 жылдың 6 қаңтарында ел Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің бірлескен отырысында қаралып, бекітілген.

Әнұран Н.Ә.Назарбаевтың кезекті сайлаудағы жеңісінен кейін Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кірісу құрметіне арналған салтанатты ресми рәсім кезінде — 11 қаңтарда, Астанадағы Ақ ордада алғаш рет орындалды.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ГИМН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Государственный гимн Республики Казахстан — один из основных государственных символов нашего государства. Проект нового гимна страны рассматривался на совместном заседании Мажилиса и Сената Парламента Республики Казахстан 6 января 2006 года и был единодушно поддержан депутатами.

Новый официальный музыкально-поэтический символ впервые исполнялся 11 января в Президентском дворце “Ақ орда” в Астане во время инаугурации Президента Н.А.Назарбаева после его победы на очередных выборах.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕЛТАҢБАСЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы — Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Елтаңбада көгілдір түс аясында шаңырақ бейнеленген; шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған; оны аңыз-әңгімелердегі пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның жоғары жағында бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі жағында “Қазақстан” деген жазу бар. Мұндағы шаңырақ — Елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ — Күн шеңбері. Айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі; көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар — дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік ат; жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты түлпар — қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол — ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың бейнесі. Елтаңба бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүрген Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз Елтаңбаның тәжі іспетті.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі екі түсті: алтын және көгілдір түсті.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары – суретшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов.

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ГЕРБ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Государственный герб Республики Казахстан — один из основных государственных символов Республики Казахстан. На гербе на фоне голубого цвета изображен шанырақ, купольные жерди — уык, равномерно расходятся лучи солнца по голубому пространству герба, обрамленные крыльями двух фантастических скакунов. В верхней части герба имеется пятиконечная звезда, а в нижней надпись — “Казахстан”. Шанырақ в центре герба — его сердцевина. Шанырақ — это образ дома, очага и семьи. Аргамак — степной скакун, неразлучный друг храброго джигита. Это символ бесстрашной силы, неиссякаемой энергии, стремления к победе, свободе; образ, широко распространенный в казахской поэзии. Он является символом созидания, стремления к добру. Изображает развитие, рост, духовное богатство дружной семьи казахстанцев, живущих под одним шаныраком. Пятиконечная звезда является как бы короной Государственного герба.

Цвет Государственного герба Республики Казахстан двоякий — золотой и голубой.

Авторы Государственного герба Республики Казахстан — художники Жандарбек Малибеков и Шота Уалиханов.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы — Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздерінің бірі. Мемлекеттік Ту: ортасында шұғылалы күн, оның аясында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Ағаш сабына бекітілген сол жағында ұлттық өрнегі бар тік жолақ орналасқан. Тудағы бірыңғай көк-көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартады. Бұлтсыз көк аспан барлық халықтар үшін әрқашанда бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Көк түс түркі халықтары үшін қасиетті ұғым. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн — қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Күн — уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран құс — бар нәрсенің бастауындай; билік, айбындылық бейнесі. Ұлан-байтақ кеңістікте қалықтаған қыран Қазақстан Республикасының еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан-дүниесінің кеңдігін паш етеді. Тудағы күн, шұғыла, өрнек және қыран бейнесі алтын түсті.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының авторы – суретші Шәкен Ниязбеков

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ФЛАГ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Государственный флаг Республики Казахстан — один из основных государственных символов Республики Казахстан. Государственный флаг представляет собой прямоугольное полотнище голубого цвета с изображением в его центре солнца, под которым — парящий степной орел. У древка — вертикальная полоса с национальным орнаментом. Сплошной голубой цвет флага напоминает горизонт безоблачного неба в полдень, а также преданность народа Казахстана единству и сотрудничеству. Голубое небо у всех народов всегда было символом мира, спокойствия и добра. Голубой цвет для тюркских народов — понятие священное. Солнце с золотистыми лучами изображает покой и достаток. Солнце — символ движения, развития, роста и жизни. Солнце — символ времени, эпохи. Орел с раскрытыми крыльями — источник хороших начинаний, символ власти и величия. Парящий орел в пространстве прославляет свободолюбивый и возвышенный дух Республики Казахстан, широту души казахского народа. Солнце, его лучи, орнамент и орел — все золотистого цвета.

Автор Государственного флага Республики Казахстан — художник Шәкен Ниязбеков

